



Көңілді де мәнді демалдық

ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы академиясында Жаңа жыл қарсаңында әр ұжымның жиналып ескі жылмен қоштасу, жаңа жылды қарсы алу кешін өткізу салты қалыптасқан болатын.

Бұл дәстүрді 102-взвод да қолдады. Осы мақсатпен бәріміз отырып, бұл кешті қайда және қалай өткізу мәселесін ортаға салдық. Көпшіліктің пікіріне «Золотой Фазан» демалыс орталығы ұнағандықтан, кешімізді «Золотой Фазан» демалыс орталығында атап өту шешімін

қабылдадық. Взвод курсанттарының ұйымшылдығы мен ауыз біршілігінің арқасында кешті көңілдегідей атап өткіздік. «Золотой Фазан» демалыс орталығының орналасуының өзі адамдарды шабыттандырмай қоймасы анық. Әсем Тобыл өзенінің бойында, Қостанайдың көркем табиғатында орналасқан «Золотой Фазан» демалыс орталығы курсанттардың көңілінен шықты.

«Әр арыстың артында, әйел тұрады» демекші, ұйымдастыру мәселелерінің басым көпшілігі қыздар мен куратордың мойнында болды. Демалыс орнына барғанда біздің курсанттардың қуанышында шек болмады. Бір-бірімізбен қуана әңгімелесіп, шүйіркелесіп, дастархан басына жиналды.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып жан-жақтан дастарханның қамын жасадық. Жылынып сорпа ішіп, палау жеп әлдендік, қыздар құйып берген шәйдің хош иісіне рахаттана отырып, шәй ішіп түскі асты да аяқтадық. Содан соң әрі қарай сырғанаққа

барып, жас балаша мез-мейрам болып қуана ойнадық. Төмен қарай сырғанақ жөнелгенде бойымызда болған сезімді сөзбен айтып жеткізу қиын. Керемет болғаны соншалықты, курсанттар түнге дейін сырғанақ тепкісі келетін ойларын білдірді, бірақ уақыттың талабы қатал-ақ. Сырғанақтан кейін курсанттар әртүрлі дәмді, тәтті тағамдарға әлденіп алған соң, бәріміз айнадай жылтыраған мұз айдынында коньки тептік. Арамызда біз білмейтін конькиді тамаша тебетін курсанттар бар екен. Соларға қарап бұрын коньки киіп көрмегендер де бір-екі рет құлап, қатардан қалыспай коньки тебуді үйреніп алды. Бәрінің жүзінде күлкі үйіріліп бейне бір жерде емес, ертегілер елінде жүргендей әсер алдық. Конькиден соң, ұлдар бірлесе отырып тауық етінен кәуап жасады. Кәуаптың иісі мұрынды жарып, дәмді сілекейді шұбыртты. Дәмді болған соң ба, тез арада жеп қойдық. «Золотой Фазан» демалыс орталығының кафесінде музыка қосып, билеп те алдық. Осылайша академияға қайтатын уақыт та жетті.



Біз үшін бұл демалыс ерекше маңызы зор, орны биік, естен кетпес демалыс болды. Курсанттар демалып, бір сергіп, бір-біріне деген қарым-қатынасы да, силастығы да одан әрі нығайып арта түсті. Бұл демалыс біз үшін татулық пен ауыз біршіліктің сипаты болып қана қоймай, кураторымыз Нурмағанбетова Жанна Кенжеғалиевнаның бізбен әрқашан бірге екендігін, бізді әр уақыт қолдайтынын білдірді.

102-взвод курсанттарында осы демалыстан кейін академия өміріне және сабаққа деген жаңа құлшыныс пен құштарлық, белсенді

көзқарастары пайда болды. Осылай бос уақыттарымызды қажетті естеліктерге толтыруға мүмкіндік берген Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылары мен кураторымыз полиция майоры Нурмағанбетова Жанна Кенжеғалиевнаға алғысымызды білдіреміз.

**Гулнур МАКСЕТОВА,
Лашын ЕРБОЛАТ,
ҚР ІІМ Академиясының
102-взвод курсанттары**

Контрафактілік өнім жеткізетін 7 арнаның жолы кесілді

2017 жылғы 11 айда зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бағытында әділет органдары тауар белгілерін пайдалану туралы заң талаптарының сақталуына 193 тексеру жүргізді. Бұл туралы «ҚазАқпарат» агенттігіне ҚР Әділет министрлігінен хабарлады.

«Тексеру нәтижелері бойынша 154 құқық бұзушылық анықталды. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 158-бабына сәйкес 153 әкімшілік іс қозғалды. Соттардың шешімдері бойынша 145 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Айыппұл сомасы 12 млн 684 мың 597 теңгені құрады», - деп атап өтілген ведомствонның мәліметінде.

Осы орайда заңсыз айналымнан жалпы сомасы 12 млн 954 мың 542 теңгеге 8 967 контрафактілік өнім тәркіленді.

«Ішкі істер органдарымен өз құзіреті шегінде авторлық және сабақтас құқықтарды бұзуға байланысты құқық бұзушылықтармен қылмыстарды анықтауға және жолын кесуге бағытталған іс шаралар кешені қабылданады. 2017 жылдың басынан бастап ішкі істер органдарының өндіруінде авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу туралы 102 қылмыстық іс (ҚРҚК 198 бабы) болған, олардың ағымдығы жылы 76-сы сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркелген, 9-ы өндіріспен аяқталған», - деп нақтылады министрліктің баспасөз қызметі.

Заңсыз айналымнан 36,5 мың бірлік контрафактілік өнім тәркіленді, оның ішінде 6,2 мыңы дыбыстық жазбалар және 30,1 мыңы видео туындылар.

Бұдан бөлек, контрафактілік аудио-бейне өнімдерді шығаратын 6 цехтың қызметі тоқтатылды, сондай-ақ осындай өнімді жеткізетін 7 арнаның жолы кесілді.

Интернет желісіндегі аталған құқық бұзушылықтардың жолын кесу бойынша жұмыс жүргізілуде. Контрафактілік аудиовизуалды өнімдерді тарататын 74 шетел Интернет-ресурстары анықталды.

ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Экономикалық тергеу қызметінің өндірісінде контрафактілік тауарларды заңсыз айналымға тарту саласында 229 сотқа дейінгі тергеу болды. Оның ішінде ағымдағы жылы Сотқа дейінгі тергеу-тексерудің бірыңғай тізілімінде 29 тіркелді. Белгілі болғандай, Экономикалық тергеу қызметімен 203 қылмыстық іс анықталып, беті ашылды.

Бірқатар әкімшілік құқық бұзушылықтарға айыппұл көлемі төмендеді

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне бірқатар өзгертулер енгізілді, деп хабарлайды ҚазАқпарат Астана қаласының ішкі істер департаментіне сілтеме жасап.

Атап айтқанда, ҚР ӘҚБК әкімшілік құқық бұзушылықтарының 40 құрамы бойынша әкімшілік айыппұлдар көлемі азайтылған. «Мәселен, бұған дейін міндетті сақтандыру туралы келісімді бекітуден жалтарған тұлғаға 20 АЕК көлемінде айыппұл салынса, қазір міндетті сақтандыру келісімін бекітуден жалтарғаны үшін 10 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған. Мүгедектерге арналған автотұраққа көлік қою бойынша 50 АЕК айыппұл 10 АЕК-ке немесе 24 050 теңгеге дейін төмендетілді. Өткен жылы бұл құқық бұзушылық үшін көлік тізгіндеушілер 113 450 теңге төлейтін», - делінген Астана ІІД баспасөз қызметі жіберген хабарламада.

Сонымен бірге, жаяу жүргіншілердің немесе жол қозғалысының өзге де қатысушыларының ережені бұзғаны үшін

тағайындалатын айыппұл көлемі 5 АЕК-тен (11 345 теңге) 2 АЕК-ке (4 810 теңге) дейін азайды. Көлік жылдамдығын сағатына 10 шақырымнан 20 шақырымға дейін арттырғандарға (ҚР ӘҚБК 595-бабы) салынатын айыппұл 10 АЕК-тен 5 АЕК-ке дейін, 20 шақырымнан 40 шақырымға жылдамдықты арттырғандар үшін - 15 АЕК-тен 10 АЕК-ке, 40 шақырымнан жоғары жылдамдықты арттырғандар үшін - 30 АЕК-тен 20 АЕК-ке дейін төмендетілген. Аталған құқық бұзушылықты әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған жағдайда төленетін айыппұл көлемі 40 АЕК-тен 30 АЕК-ке дейін азайтылды.

Еске сала кетсек, 2017 жылдың 28 желтоқсанында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заң 2017 жылдың 29 желтоқсанында «Егемен Қазақстан» газетінің № 250 (29231) санына ресми түрде жарияланды және 2018 жылдың 9 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Сондай-ақ, автокөлік иелері айыппұлды бірнеше тәсілмен төлей алады. «Қазпошта» АҚ немесе екінші деңгейлі банктердің есеп-қасалық бөлімшелері арқылы және Kaspi, QIWI кошелек төлем қызметі терминалдары арқылы қолма-қол ақшалай қаражатпен төлей алады. Одан бөлек, egov.kz порталында тіркелу арқылы банк картасымен, екінші деңгейлі банктердің интернет-сайттарында онлайн-төлем тәсілдерін қолдануға болады. Жол қозғалысы қағидаларын бұзу бойынша айыппұлдарды egov.kz, HandyPay, MyPay сынды мобильді құрылғылар арқылы да төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Айыппұлдың бар-жоғын тексеріп отыру үшін Telegram мессенджерінде @KazPostBot парақшасына жазылу қажет. Астана ішкі істер департаментінің хабарлауынша, айыппұлдың төленгені туралы түбіртеккі әкімшілік полиция бөлімшелеріне әкелудің қажеті жоқ. Төленген айыппұлдар туралы барлық хабарламалар ІІМ әкімшілік құқық бұзушылықтар есебінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде түсіп отырады.

Ұялы байланыс операторларының бірқатар өзекті мәселелері шешіледі

Байланыс қызметін көрсету ережесіне жаңа өзгертулер енгізуіне байланысты бірқатар өзекті мәселелер шешілетін болды. Бұл туралы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Фейсбуктегі парақшасында хабарлады.

«Біздің министрлік Байланыс қызметін көрсету ережесіне жаңа өзгертулер енгізуде. Бұл өзгертулер ұялы байланыс абоненттері көптен бері айтып жүрген бірқатар проблеманы шешуге бағытталып отыр» делінген хабарламада.

Қандай келеңсіздіктер жойылатынына төменде бірқатар мысалдар келтірілген.

Ақпарат министрінің мәлімдеуінше, жаңа ереже байланыс операторларына жеке шотта қаражат болмаған жағдайда қызмет көрсетуге тосқауыл қойып отыр. Бұл - негізінен роуминг қызметіне

қатысты. Осылайша, біз абоненттік номердің «минус» болуының, яғни қарыз болып қалуының алдын аламыз.

Сондай-ақ, бұдан былай ауыстырылған номерге қоңырау шалу кезінде «beer» қосу сигналын еріктен тыс орнату практикасы жойылады. Енді шақыру сигналының алдында қосымша акустикалық сигналдар мен паузаларды орнату абоненттің өтінішімен ғана іске асады.

Сонымен қатар, абонентке ussd команда немесе sms жіберудің ауыртпалықсыз қосымша байланыс қызметтерін тану проблемасы да шешілді. Енді клавишті қателесіп басу, кездейсоқ хабарлама жіберу немесе басқа да байқаусызда болған әрекеттер салдарынан қажетсіз қызметтерге қосылып кетпейсіз.

Жақын уақытта құжаттың толық мәтіні БАҚ-та жарияланады, осыдан кейін 10 күннен соң ол күшіне енеді.

Қазақстанда көлік құралдарын тіркеудің ережелері өзгерді

Қазақстанда көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуге алудың ережелері өзгерді, деп хабарлайды ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі.

«Мемлекеттік нөмірді қайта алу кезінде 30 күннің ішінде қайтадан баж салығын төлеу үшін, (2018 жылдан бастап жыл сайынғы АЕК көлемінің өсуіне байланысты 6 798 теңге) агенттіктің нұсқауымен Салық кодексіне өзгертулермен толықтырулар енгізілді. Жаңа ереже ағымдағы жылдан бастап жұмыс істейді», - деп жазылған ведомствонның Фейсбуктегі парақшасында.

Ведомствонның түсіндіруінше, бұрын азаматтар автокөлігін есептен шығарған кезде жаңадан тіркелген көлікте ескі мемлекеттік нөмірін қалдыру үшін 2,8 АЕК көлемінде баж салығын қайта төлейтін. Бұл талап Арнайы ЖҚО немесе Ішкі істер министрлігінің тіркеу және емтихан алу

бөлімшелерінде болған кезде де қойылатын.

Бір жылда орташа есеппен 11 мыңға жуық азамат мемлекеттік нөмірді сақтауға өтінім береді, бұл автокөлік құралдарына 63 млн теңгеден асатын мемлекеттік баж салығына тең.

Сонымен қатар жоғалған немесе іске жарамсыз автомобиль нөміріне міндетті түрде алдыңғы және артқы нөмірге (2 бірлік) мемлекеттік баж салығын төлеу қажет болатын, немесе көлікті қайта тіркеу міндеттелетін.

Мысал келтіре кетсек, мемлекеттік нөмірлердің дубликатын жасау үшін орташа есеппен жылына 1,9 мың азамат 11 млн теңгеден астам қаржыға өтініш береді екен.

«Қосымша шығындарды болдырмау үшін, жаңа Салық кодексіне сәйкес автокөлік иелеріне мемлекеттік нөмірге 6 798 теңгенің орнына 3 399 теңгеге өтінім беру мүмкіндігі қарастырылды», - делінген агенттік хабарламасында.

Қос елдің төлқұжатын төске басқандар

Өткен жылдың соңғы күндерінің бірінде Алматы әуежайында қос азаматтығы бар әйел ұсталды. Қазақстан мен Түркия азаматтығын қатар иеленген заңбұзушыға 453 мың теңге айыппұл салынды. Шетел азаматтығын алғанын дер кезінде хабарламағандар әдетте осындай жеңіл жазамен құтылып кететіндіктен, елімізде «қосмекенділердің» саны жылдан жылға көбейіп барады.

Бипатрид деген кім?

Халықаралық құқықта бір мезгілде екі немесе бірнеше елдің азаматтығын алғандарды бипатрид деп атайды. Оның екі түрі бар. Біріншісі – заңды бипатридтік. Кейбір елдерде қос азаматтық мемлекеттің заңнамасымен рұқсат етіліп, мемлекетаралық келісімдерге сәйкес заңды деп танылады. Мәселен, Аргентина, Бразилия, Барбадос, Канада, Перу, Колумбия, Ямайка, Уругвай, Мексика, Пәкістан, АҚШ, Германия, Латвия мемлекеттері қос азаматтықты заңдастырған. Бұл елдің кез келген азаматтары бір мезетте екі немесе одан да көп мемлекеттің азаматы атануға толық құқылы. Сондай-ақ солтүстіктегі көршіміз Ресей де өзге елдер тарапынан шектеу қойылмаса, қос азаматтық беруге қарсылық білдірмейді. Екіншісі – заңсыз бипатридтік. Жоғарыда аталған мемлекеттерден басқа елдердің бәрі қос азаматтықты қолдамайды. Біздің елімізде де заң жүзінде бипатридтікке тыйым салынған. 2004 жылы «Қазақстан Республикасындағы азаматтық туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстан азаматы өзге елдің азаматтығын алған жағдайда автоматты түрде Қазақстанның азаматтығынан айырылатыны нақтыланды. Қазақстан Республикасының азаматы бола тұрып, шет мемлекеттің азаматтығын қабылдаған адам өзге елдің азаматтығын алған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде шетел азаматтығын алу фактісі туралы ҚР Ішкі

істер органдарына немесе Қазақстанның шет елдегі мекемелеріне хабарлауы тиіс. Ол құзырлы органдарға ҚР азаматының төлқұжатын және жеке куәлігін тапсыруға міндетті.

Заңда осылай көрсетілсе де, елімізде заңсыз бипатридтікке ұмтылу фактілері азайған емес. Қолына қазақтың төлқұжатын ұстағанымен, жүрегі басқа Отан үшін соғатындардың қатары көбейе түсуде. Құзырлы органның мәліметінше, 2017 жылы бір ғана Маңғыстау облысында 79 адамның қос азаматтық алғаны анықталған. Яғни, өткен жылмен салыстырғанда заңды белден басқандар 2 есеге артып отыр. Ал 2015 жылы 44 дерек тіркелген еді. Маңғыстаулық «қосмекенділердің» дені екінші төлқұжатты Ресей Федерациясынан алған. Олардың бәрі де қазақстандық мәртебесінен айырылып, әкімшілік жазаға тартылды. Осы орайда, қос елдің азаматы болуға құмар жандар заңға қайшы әрекеттері үшін жауапқа тартылатын болса, айылдарын неге жимайды деген сұрақтың тууы заңды.

Айыппұл тосқауыл емес

Екі мемлекеттің де нанын жеп, суын ішкісі келетіндердің еркін тайрандауына заңның жұмсақтығы себеп болып тұр. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 496-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адам Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін одан әрі пайдаланса, оған 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Сол сияқты белгіленген мерзім ішінде шет ел азаматын алғаны туралы хабарламау – 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығарып жіберуге апарып соқтырады», – деп көрсетілген. Мұны біліп алғандар айыппұлды төлейді де, алшаң басып жүре береді. Мәселен, тамыз айында



Алматы әуежайында ҚР заңнамасын бұзған Түркияның екі азаматы қолға түсті. Олар бұрын Қазақстан азаматы болған, кейін Түркияның төлқұжатына қол жеткізген. Алайда мұны құзырлы органдарға айтпаған. Сондағы ойлары екі елде емін-еркін жүріп-тұру болған. Киев-Алматы, Стамбұл-Алматы бағытындағы рейстермен ұшып келген 44 және 36 жастағы Түркия азаматтары ҚР азаматтық туралы заңнамасын бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК 496-бабының 2-тармағы бойынша айыппұлмен ғана құтылып кетті.

Мұндай жүгенсіздікке тосқауыл қою үшін «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңын бұзған адамдарды Ресей мен Украина сияқты қылмыстық жауапкершілікке тарту жазасын енгізетін уақыт жеткендей. Өйткені бипатрид болғысы келетін адамдар заң бұзған жағдайда Қазақстан азаматы болу құқығынан және мемлекеттік қызметте істеу мүмкіндігінен айырылу қаупінен қорықпайды. Қос елдің азаматы болғысы келетіндер көп жағдайда материалдық пайда үшін тәуекелге бел буады. Олар қос азаматтық арқылы екі мемлекеттің де түрлі жеңілдіктерін пайдаланып, зейнетақы мен жәрдемақыны еселеп алып отырғысы келеді.

Әдетте қос азаматтық алғысы келетіндер мақсаттарына жету үшін төлқұжаттарын жоғалтқан болады. Кейін жоғалды деген құжаттарын басқа елдің құзырлы органына тапсырады. Ал өздері Қазақстаннан жаңа құжат алады. Басқа елде жасатқан жалған құжат арқылы сол елге уақытша тіркеуге

тұрады, сонан соң азаматтыққа ие болады. Осылайша екі елді де алдап, жымысқы ойын жүзеге асырады.

Өзге елдің азаматтығын алып, жырақта жүрған жүргендердің өз елі үшін өзегі өртенге қояды дегенге сену қиын. Десе де, Қазақстанда қос азаматтықты заңдастыру туралы бастама көтеріп жүрген белсенділер аз емес. Мәселен, 7 жыл бұрын Солтүстік Қазақстан облысы әділет органдарының кейбір өкілдері тек солтүстік аймақтың тұрғындары үшін қос азаматтықты заңдастыру керек деп, айды аспаннан бір-ақ шығарған еді. Алайда бұл ұсыныс қолдау тапқан жоқ. Қайсыбір жылдары Ресей ғылым академиясына қарасты Еуропа институтының кеңесшісі, Париждегі «Parlink Consulting» компаниясының басқарушы серіктесі, экономист Берлин Иришев те қазақстандықтарға қос азаматтық алуға рұқсат беру керек деп дабыл қаққаны есте. Ол жаһанданумен бірге еліміздің ұлттық шекарасы кеңейіп, қазақстандықтар шетелде жұмыс істей бастағанын алға тартып: «Бір елдің азаматтығын қабылдағанда біз автоматты түрде Отанымыздағы азаматтығымыздан айырыламыз. Отанымыздың азаматтығын жоғалту үлкен мәселе тудырып, Қазақстанға және жақындарына бауыр басып қалған жерлеріміздің болашағына кері әсерін тигізеді. Шетелге кетіп жатқан қазақстандықтардың тасқыны артатүскенін ескерсек, екіжақты азаматтықтың маңызы арта түседі. Қазақстан азаматтығы мен жеке төлқұжатынан айырылғандығына қара-

мастан, патриот болып қалатын азаматтарынан айырылмауы қажет. Шетелдегі жерлестер еліміз үшін мәдени, интеллектуалды және инвестициялық потенциал. Шетелдік отандастарымыздың арасында тәжірибелі, танымал және талантты тұлғалар көп. Олар еліміздің азаматтығын сақтай отырып, Отанын әлемге әйгілі ете алады», – деген еді. Ел мүддесі бәрінен биік тұратындықтан, бұл ұсыныс та назарға алынған жоқ.

Шетелге құмарлардың көздегені не?

Байқасақ, соңғы жылдары сәбиін босану үшін мұхит асатындардың саны артқан. АҚШ-та босануды арман еткендер мұндай қадамға 20 мың долларын қиып барады. Алайда бұл ақшаның қайтарымы жоқ емес. АҚШ-та дүниеге келген бала автоматты түрде сол елдің азаматы атанып, америкалық төлқұжатқа ие болады. Асылында, баласы АҚШ перзентханасында дүние есігін ашқан отандастарымыз сол елдегі елшілік арқылы Қазақстанның да құжатын ала алады. Алайда олар елшілікке жуымайды да. Өу бастағы мақсаттары АҚШ азаматтығы болса, елшіліктің табалдырығын тоздырып қайтсын? «Қазақстан Республикасының азаматтығы» туралы заңның 11-бабында: «Бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады», – делінген. Босану үшін мұхит асатындар бұл заңды көзге ілгісі жоқ.

Ал өзге елдің азаматы бола тұра Қазақстанның төлқұжатына қолжеткізгісі келетіндердің жиі жүгінетін қитұрқы әдісі – бақай есеппен құрылған неке. Бүгінгі таңда осы арқылы қалтасын қаппитып отырған қыз-келіншектер көп. Олар біздің елдің азаматы атанғысы келген шетелдікпен құжат бойынша некелеседі. Құжатқа қол қойылып, мөр

басылғаннан кейін келіскен ақшасын алады да, жөніне кетеді. Ақша үшін бұрын-соңды жүзін көрмеген, тілі бөлек, ділі басқа адамға жар болуға даяр. Бұл қадамның артында қандай қауіп-қатер тұрғанын ескере бермейді.

Ал қазақтың қызымен некелескен шетелдіктің есебі түгел. Ел заңнамасы бойынша Қазақстан Республикасының азаматымен кемінде үш жыл некеде тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өзіннің жары, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын тұлғаның жеке куәлігін, неке туралы куәліктің көшірмесін, бұрынғы азаматтығын тоқтату туралы анықтаманы өткізу арқылы Қазақстанның азаматтығын ала алады. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңның 7-бабында: «ҚР азаматының немесе азаматшасының республика азаматы емес адаммен некеге тұруы, сондай-ақ, мұндай некені бұзуы азаматтықтың өзгеруіне әкеп соқтырмайды» деп жазылған. Яғни, шетел азаматы қазақстандықпен ажыраса да, азаматтығынан айырылмайды.

«Тарысы піскеннің тауығы» болудан тайынбайтындар бір мезетте екі, тіпті үш елдің азаматтығын алып, бірнеше кемеңгі ескегін еркін есіп жүр. Бетін аулақ қылсын, бір елде берекесіздік, саяси шиеленістер бола қалса, екінші елге тайып тұратын «патриоттардың» санымызды толтырғаннан басқа еш пайдасы жоқ. Керісінше, қос елдің төлқұжатын төсқалтасына салып, алшаң басып жүргендер қауіпсіздігімізге қатер төндіруі ғажап емес. Олар кез-келген уақытта басқа елдің сөзін сөйлеп, сойлыс соғып кетпесіне кім кепіл? Қитұрқылыққа жол бермес үшін заңымызды қатандатып, келген-кеткенді бақылауды босаңсытпау – қазіргі күрделі әрі қиын уақыттың басты талабы.

Анар ЛЕПЕСОВА
(«Түркістан»
Халықаралық саяси
апталық газеті,
5 қаңтар 2018 ж.)

Терроризмді насихаттаған және діни алауыздықты қоздырған ...

Терроризмді насихаттағаны және діни алауыздықты қоздырғаны үшін Ақмола облысының екі тұрғыны қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қазіргі кезде, тергеу шаралары аяқталып, іс сотқа жолданған, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі ІІД баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Полицейлердің дерегі бойынша, 2017 жылдың қыркүйек айында Көкшетау қаласында ІІД Лаңкестікке қарсы күрес басқармасының қызметкерлері діни алауыздықты қоздырумен айналысты деген күдікпен 33 жастағы жергілікті тұрғынды ұстады. Тергеу амалдары

кезінде анықталғандай, ер адам ұзақ уақыт намазға жығылған. Кейін көптеген әдеби көздердің ықпалымен исламның дәсүрлі емес ағынын ұстана бастайды. Сондай-ақ өзінің діни білімін жетілдіру мақсатында ер адам түрлі діни кітаптар мен ақпарат сайттарын оқып, үйінде діни тақырыптағы кітаптарды басады және үйінде ұстайды. Үйін тінту кезінде полицейлер «Салих бин Фаузан аль-Фаузан шейхтің үш негізіне пікір», «Исламның парызы және наным-сенімдері» кітабының көшірмесі мен өзге де діни кітаптарды тапты.

Соттық-дінтану сараптамасының қорытындысы бойынша, күдіктінің үйінен тәркіленген кітаптарда діни алауыздықты

қоздыру белгілері бары анықталды. Осыған байланысты күдіктінің үстінен ҚР ҚК 174-бабының 1-бөлімі бойынша тергеу амалдары жүргізілді. Қазіргі кезде қылмыстық іс сотқа жолданды. Аталған бап бойынша күдіктінің қылмысы дәлелденсе, онда ол 2 жылдан 7 жылға дейін сотталуы мүмкін.

Ал, Степногор қаласында 16 жыл психиатр дәрігердің есебінде тұрған 26 жастағы жергілікті тұрғын терроризмді насихаттау және террористік акті жасауға ашықтан-ашық шақырғаны үшін айыпталып отыр. Күдікті 2014 жылдан бастап, «ат-Такфир - уа-ль-хиджра» діни ұйымның идеологиясын тереңдетіп оқыған. Бұл сот шешімі бойынша лаңкестік деп

танылып, ҚР аумағында насихаттауға рұқсат етілмеген болып саналады. Теріс бағыттағы діни кітаптар оқумен айналысқан қыз танымал әлеуметтік желілер арқылы лақап атпен террористік әрекеттер мен террористік акті жасауға шақыратын материалдар таратқан.

Оның бұл әрекеті ҚР ҚК 256-бабының 2-бөлімі бойынша қылмыстық іс ретінде қаралып отыр. Қазіргі кезде, күдікті қыз жүйке-жүйесі дертімен ауыратындарды емдеу мекемесінде курстан өтуде. Ал, оның үстінен қозғалған қылмыстық іске қатысты тергеу амалдары аяқталып, іс материалдары сотқа медициналық сипаттағы шараны мәжбүрлеп қолдану үшін жолданды.